

## 2009 жылы Шортанды ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 5 ақпандағы № А-1/20 қаулысы. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 13 наурызда № 1-18-65 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 23 ақпандағы № А-1/34 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Шортанды ауданы әкімдігінің 2010.02.23 № А-1/34 қаулысымен*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7, 20 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген «Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережелерінің» 7, 8 тармақтарына сәйкес, жұмыс табуда қиындық көріп жүрген жұмыссыздарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды уақытша жұмыспен қамту үшін Шортанды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шортанды ауданында 2009 жылға қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. Шортанды ауданы ұйымдарының қосымша берілген тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбектеріне төлеу мөлшерлері және оларды қаржыландыру көздері бекітілсін.

3. Шортанды ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – ММ) жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмыстарға олардың келісімі бойынша кезек тәртібімен тіркеу датасына сәйкес жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Қоғамдық жұмыстарға сұраныс және ұсыныс анықталсын; жұмыс орындарына мәлімделген қажеттілігінің санында – 121 адам; жұмыс орындарына бекітілген қажеттілігінің санында – 90 адам.

5. Шортанды ауданының «Қаржы бөлімі» ММ қоғамдық жұмыстардың қаржыландыруын аудан бюджетінде 2009 жылға көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

6. Шортанды ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 09 сәуірдегі «2008 жылы Шортанды ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» № А-1/66 қ

аулысы (2008 жылғы 21 сәуірде № 1-18-52 болып нормативтік -құқықтық мемлекеттік тіркеудің аумақтық Тізілімінде тіркелген, 2008 жылғы 03 мамырда № 18 «Өрлеу» және 2008 жылғы 03 мамырда № 18 «Вести» аудандық газеттерінде жарияланған) күшін жойған деп танылсын.

7. Осы қаулының күші 2009 жылғы 1 қаңтардан туындаған құқық қатынастарға таралады.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Шортанды ауданы әкімінің орынбасары В.П.Игнатовқа жүктелсін.

9. Осы қаулы Шортанды ауданының Әділет басқармасында тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шортанды ауданының  
әкімі С.Қамзебаев

**КЕЛІСІЛДІ:**

Дамса селолық округінің әкімі

Ж.Абдрахманов

Раевка селолық округінің әкімі

М.Алтайбаев

Шортанды ауданының  
«Қорғаныс істері  
жөніндегі бөлім»

ММ бастығы

Е.Асылбеков

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі

Тіркеу қызметі және құқықтық  
көмек көрсету комитетінің

Ақмола облысының бойынша

Жылжымайтын мүлік жөніндегі

орталығы» Республикалық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

Шортанды филиалының басқарушысы Е.Байсеркеев

Ақмола жерге орналастыру

мемлекеттік институты

«МемҒӨОжер» Республикалық

мемлекеттік кәсіпорын

Еншілес Мемлекеттік кәсіпорнының

Шортанды аудандық

жер-кадастрлық филиалының директоры Ғ.Жақыпов

Шортанды ауданының

«Қаржы бөлімі» ММ бастығы

Л.Жевлакова

Ақмола облысының Ішкі істер  
департаментінің «Шортанды  
ауданының Ішкі істер  
бөлімі» ММ бастығы

Е.Жүсіпов

Новоселовка селолық округі  
әкімінің міндетін атқарушы С.Идрисов  
Научный кентінің әкімі Р.Көселбаева

Бозайғыр ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы Т.Мұқышев

Шортанды ауданының «Жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі»

ММ бастығы Ж.Мунтаева

Шортанды ауданының  
«Жер қатынастары бөлімі»

ММ бастығы Е.Оразов  
Шортанды кентінің әкімі С.Саханов

Новокубанка селолық

округінің әкімі И.Смаилов  
Жолымбет кентінің әкімі Д.Сыздықов  
Бектау ауылдық округінің әкімі А.Темірғалиев

Петровка селолық округі әкімінің  
міндетін атқарушы Л.Тиссен  
Андреевка селолық округінің әкімі В.Шимков

Шортанды ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы 5 ақпан № А-1/20  
қ а у л ы с ы м е н  
Бекітілді

*Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Ақмола облысы Шортанды ауданы  
әкімдігінің 2009.08.03 № А-4/165а Қаулысымен*

**Шортанды ауданы ұйымдарының тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемдері және нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбектеріне төлеу мөлшерлері және оларды қаржыландыру көздері**

Ұйымның атауы	Ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері	Қоғамдық жұмыстар көлемі	Қатысушылардың еңбектеріне төлеу мөлшері ( айына бірадамға, теңге)	Қаржыландыру көздері
Шортанды ауданының «Раевка	Көшелерді тазалау Ағаштарды ақтау,	2037 шаршы метр ( ә р і	Жалақының ең төменгі	

селолық округі әкімінің аппараты» ММ	ағаштарды кесу Құжаттарды өңдеуде көмек Халық санағына көмек	карай - ш.м.) 60 дана 1000 іс 442 аула	мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Шортанды кенті әкімінің аппараты» ММ	Көшелерді тазалау, қоқысты шығару Ағаштарды ақтау, ағаштарды кесу, ағаш отырғызу Құжаттарды өңдеуде көмек Халық санағына көмек	3617 ш.м.  200 дана  2500 іс  1911 аула	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Новокубанка селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Село аумағын жинау, қоқысты шығару Құжаттарды өңдеуде көмек Халық санағына көмек	1827 ш.м.  1500 іс  616 аула	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Дамса селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Ағаш отырғызу, ағаштарды ақтау Село аумағын жинау Іс жүргізуде көмек көрсету Халық санағына көмек	60 дана  1168 ш.м.  1000 іс  1167 аула	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «	Кент аумағын тазарту жə не абаттандыру	2000 ш.м.	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	

Научный кенті  
әкімінің аппараты»  
ММ

Аудандық

				бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Бозайғыр ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ауыл аумағын тазарту және абаттандыру	2932 ш.м.	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Андреевка селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Село аумағын тазарту және абаттандыру Ағаш отырғызу, ағаштарды ақтау	2000 ш.м. 80 дана	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Бектау ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Ағаш отырғызу, ағаштарды ақтау Ауыл аумағын тазарту және абаттандыру	80 дана 2358 ш.м.	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Жолымбет кентінің әкімінің аппараты» ММ	Кент аумағын тазарту және абаттандыру	5000 ш.м.	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Петровка селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Халық санағына көмек	546 аула	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
Шортанды ауданының «Новоселовка селолық округі әкімінің аппараты» ММ	Село аумағын тазарту және абаттандыру	1300 ш.м.	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
«Шортанды ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ	Іс жүргізуде көмек көрсету	2500 іс	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
«Шортанды ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім» ММ (келісім бойынша)	Шақыру және тіркеу мерзімінде көмек көрсету	3000 іс	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан

Жер ресурстарының мемлекеттік ғылыми-өндірістік орталықтың РМК ЕМК Шортанды филиалы	Іс жүргізуде көмек көрсету	3000 іс	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
ҚР ӘМ ТҚ ж/е ҚКК «Ақмола облысы бойынша Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы» РМҚК Шортанды филиалы	Құжаттарды өңдеуде көмек көрсету	2500 дана	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан
«Шортанды ауданы Пригородный селолық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Көшелерді тазалау	3876 шаршы метр	Жалақының ең төменгі мөлшерінен кем емес	Аудандық бюджет қаражатынан

#### Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары:

Жұмыс аптаның ұзақтығы бес күн екі күн демалыспен – сенбі, жексенбі, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі демалыс - бір сағат. Еңбек төлемі жұмыс уақытын есепке алу табелінде белгіленген нақты жұмыс істеген уақытқа жұмыссыздардың есеп шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

Еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі, саймандар мен жабдықтар жөніндегі нұсқау.

Уақытша жұмысқа жарамсыз бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, зақыммен және денсаулықтың басқа зиянмен келтірілген залалын өтеу, зейнеткерлік және әлеуметтік аударулар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.